

Б Ұ Й Р Ы Қ № 103-Г

«2021 - 2022 оқу жылының ұйымдастырып
бастау туралы»

31 тамыз 2021 жыл

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен және осы бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы 28.08.2020ж №372 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында дәстүрлі (штаттық) 2021-2022 оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы 31.08.2021ж күнгі №444 бұйрығын және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 28.08.2021ж №1 Қамқоршылық кеңес келісімі мен 31.08.2021ж күнгі №1 педагогикалық кеңес қаулысына сәйкес 2021-2022 оқу жылындағы мектептегі оқу-тәрбие процесі мектепалды даярлық сыныбы мен 1-11 класс аралығында дәстүрлі форматта бескүндік оқу аптасымен №1-қосымшадағы санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып ұйымдастырылсын, №1-қосымша қоса бекітілсін.
2. Білім алушылармен санитарлық талаптар мен жалпы қауіпсіздік техникалық ережелері туралы тәрбие сағаттары 1-11 кластар бойынша өткізіліп, оның орындалуын бақылау класс жетекшілер мен пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Мектеп қызметкерлері педагогтар мен басқа қызметкерлермен санитарлық талаптар бойынша медбике А.Адайбекке мен жалпы қауіпсіздік техникалық ережелері таныстыру үшін нұсқама жүргізіліп арнайы журналға тіркеу директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Жайлаубаеваға қатаң тапсырылсын.
4. Мұғалімдердің апталық жүктемесі, класс жетекшілер, кабинет меңгерушілері, ӘБ жетекшілері ережеге сай бекітілсін.
5. Мектепшілік тәртіптік типтік ережелер бастауыш кәсіподақ ұйымымен келісе отырып бекітілсін.
6. Балалардың құқығын қорғау инспекторы міндетін қоса атқару әлеуметтік педагог А.Жылқайдароваға жүктелсін.
7. Жалпы оқу жоспарының инварианттық және вариативтік бөлігінің сабақ кестесін, жаңа модификация кабинеттерінің, түрлі шеберханалар мен спорт залының қолданылуын реттеу үшін "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 73,74,75,76- тармағына және 4-қосымшасына сәйкес сабақ кестесін жасау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары К.Кайболдиноваға тапсырылсын.

8. Мектеп ішінің оқу жылы бойына санитарлық талаптарға сай таза болуын қамтамасыз етуге жағдай жасау, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 153-тармағының 5-тармақшасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты тұлға ретінде директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Жайлаубаеваға жүктелсін.
9. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объектілерде болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз ету үшін "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 30-тармағына сәйкес мектептегі ауыз су режимін ұйымдастыруға жауапты тұлға ретінде директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Н.Жайлаубаева бекітілсін.
10. Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейін арттыру мақсатында «Тәртіп сақшылары» тобын құру арнайы бұрыш жасап, жұмыс жүргізу және білім алушылардың сабаққа қатысымын қатаң бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Кенжебековаға жүктелсін.
11. Құқық бұзушылық пен тәртіпсіздіктің алдын-алу мақсатында мектеп педагогтарынан ерікті ынталы топтан рейд ұйымдастыру директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Кенжебековаға тапсырылсын.
12. 2021-2022 оқу жылындағы «Өндірістік бақылау бағдарламасы» бекітілсін.
13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары К.Кайболдиноваға міндеттеймін.

Мектеп директоры



А.Абжалелова